

ӘОЖ 636.32/38.082.43

Бегімбеков Қ.Н.¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Джапарова А.К.², Ph.D, аға оқытушы

Бекбосынова Ж. Е.¹, ғылым магистрі, аға оқытушы

Әбдіғали Ж.Ж.¹, магистрант

¹ «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

² «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚТЫҢ АРҚАРМЕРИНОСЫ ҚОЙЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӨНІМДІЛІК БЕЛГІЛЕРІНІҢ ӨЗГЕРГІШТІГІ

Аннотация

Мұнда берілген ғылыми-зерттеу нәтижелері қазіргі кездегі қолда бар қазақтың арқармериносы тұқымды қойларын нормалап азықтандыру арқылы олардың ет және жүн өнімділігі белгілерінің өзгергіштігінің әлеуетін бағалау және сол арқылы тұқымның жақсы генотиптерін анықтау әдістерін жетілдіру жұмыстарына арналған. Мақалада Алматы облысы Райымбек ауданы «Құмтекей» асылтұқымды шаруашылығында тәжірибелік топтағы қазақтың арқармериносы қойларын нормалап азықтандырғанда олардың тірілей салмағы мен жүн өнімділігі бақылау тобындағы басқа, есепсіз, бірақ еркінше азықтандырылған қойлардың тірілей салмағы мен жүн өнімділігінен едәуір артық болатыны дәлелденеді. Мысалы, малдың ет өнімділігінің негізгі белгісі – тірілей салмағы бойынша, бақылау тобындағы қошқарлардың көрсеткіші (83,2 кг) тұқым стандартынан 4% жоғары, саулықтар және тұсақтардың мұндай көрсеткіштері тұқым стандартынан, тиісінше, 12% және 0,8% жоғары болғанның өзінде, тәжірибелік топтағы қошқарлардың тірілей салмағы бақылау тобындағы қошқарлардың тірілей салмағынан 7 кг немесе 8,4% жоғары ($td= 1,93$; $P<0,95$), саулықтар және тұсақтардың мұндай көрсеткіштері бақылау тобындағы қатарластарының тірілей салмағынан, тиісінше, 8 кг немесе 14,3% ($td= 3,2$; $P>0,99$) және 4,6 кг немесе 11,4% ($td= 2,56$; $P>0,95$) жоғары болған.

***Түйін сөздер:** қазақтың арқармериносы, азық өлшемі, қорытылатын протеин, тірілей салмағы, қырқылған жүн салмағы.*

Кіріспе. ҚР АШМ мәліметі [1] бойынша елімізде 2018 жылы 16 046,0 мың бас қой, оның 2 375,6 мың басы немесе 14,8%-ы асыл тұқымды мал болса, 2017 жылы 15 881,6 мың бас қой, оның 2 333,7 мың басы немесе 14,7%-ы асыл тұқымды мал, ал 2016 жылы 15 691,456 мың бас қой, оның 2 374,901 мың басы немесе 15,1%-ы асыл тұқымды мал болған. Осы 2018 жылғы барлық асыл тұқымды қойдың 1 406,540 мың басы немесе 59,2%-ы қылшық жүнді, 661,736 мың басы немесе 27,8%-ы биязы жүнді, 75,429 мың басы немесе 3,2%-ы биязылау жүнді, 120,932 мың басы немесе 5,1%-ы ұяң жүнді, 110,986 мың басы немесе 4,7%-ы қаракөл қойлары ретінде есептелсе, 2017 жылғы барлық асыл тұқымды малдың 1 346,896 мың басы немесе 57,7%-ы қылшық жүнді, 684,273 мың басы немесе 29,3%-ы биязы жүнді, 51,120 мың басы немесе 2,2%-ы биязылау жүнді, 147,017 мың басы немесе 6,3%-ы ұяң жүнді, 104,414 мың басы немесе 4,5%-ы қаракөл қойлары ретінде, ал қойлары ретінде есепте болған.

Бұл салыстырудан ең алдымен байқайтынымыз – жылдан-жылға еліміздегі жалпы қой саны көбейгенмен (2018 жылғы саны 2016 жылғыдан 2,3%-ға көп), асыл тұқымды қойлардың саны көп өзгермеген (2018 жылғы саны 2016 жылғыдан 722 бас қана артық, ал үлес салмағы 0,3%-ға кем). Әртүрлі өнімділік бағыттағы қойлардың ішінде қылшық жүнді қойлардың саны да, үлес салмағы да екі жылда-ақ едәуір – саны 62,251 мың бас малға немесе үлес салмағы 56,6%-дан, 59,2%-ға дейін, яғни 2,9%-ға артып отыр. Ал дәл осы мерзімде еліміздегі асыл тұқымды биязы жүнді қойлардың саны көп өзгермегенмен, басқа – биязылау жүнді, ұяң жүнді, қаракөл қойларының саны едәуір азайған. Бұл, өз кезегінде, қылшық жүнді қойларды өсірудің экономикалық тиімділігінің жоғарылығымен қатар, биязы жүнді қойларды өсірудің экономикалық тиімділігінің де айтарлықтай артып отырғанын көрсетеді. Яғни Қазақстандағы қойшаруашылығының жақын уақыттағы болашағында биязы жүнді қойлардың тұқымдарын өсірудің маңызы төмендемейтіні байқалады.

Елімізде 2018 жылғы биязы жүнді бағыттағы барлық асыл тұқымды қойдың (661,736 мың бас) басым бөлігі – 398,028 мың басы немесе 60,1%-ы қазақтың биязы жүнді тұқымының, 110,093 мың басы немесе 16,6%-ы оңтүстік қазақ мериносы, 114,628 мың басы немесе 17,3%-ы етті меринос, 38,987 мың басы немесе 5,9%-ы қазақтың арқармериносы тұқымының қойлары болса, 2017 жылғы барлық биязы жүнді асыл тұқымды қойдың – 382,161 мың басы немесе 55,8%-ы қазақтың биязы жүнді, 155,751 мың басы немесе 22,8%-ы оңтүстік қазақ мериносы, 111,842 мың басы немесе 16,3%-ы етті меринос, 34,519 мың басы немесе 5,0%-ы қазақтың арқармериносы тұқымдарының қойлары болып, ал 2016 жылғы биязы жүнді бағыттағы барлық асыл тұқымды қойдың басым бөлігі – 368,744 мың басы немесе 57,0%-ы қазақтың биязы жүнді тұқымының, 137,804 мың басы немесе 21,3%-ы оңтүстік қазақ мериносы, 107,541 мың басы немесе 16,6%-ы етті меринос, 20,8 мың басы немесе 3,2%-ы қазақтың арқармериносы, 11,720 мың басы немесе 1,8%-ы солтүстік қазақ мериносы және қалған аз бөлігі волгоград тұқымдарының қойлары болып есепте жүрген.

Биязы жүнді бағыттағы қой тұқымдарының асыл тұқымды малының 2016, 2017 және 2018 жылдардағы сандарын салыстырудан ең алдымен байқайтынымыз, қазақтың биязы жүнді қойларының саны мен үлес салмағы екі жылда едәуір – саны 29 284 бас малға немесе 7,94 %-ға, ал үлес салмағы 3,1%-ға, етті меринос – саны 7087 бас малға немесе 8,59 %-ға, ал үлес салмағы 0,7%-ға, қазақтың арқармериносы – саны 18 187 бас малға немесе 87,4%-ға, ал үлес салмағы 2,7%-ға артып, сонымен қатар, оңтүстік қазақ мериносы – 17 947 бас малға немесе 13,0%-ға, ал үлес салмағы 4,7%-ға кеміп отыр (ҚР АШМ мәліметтерінде 2018 және 2017 жылдарғы еліміздегі асыл тұқымды солтүстік қазақ мериносы мен волгоград тұқымды қойлардың саны мүлде көрсетілмеген).

Яғни мұнда, өз кезегінде, биязы жүнді қой тұқымдарының ішінде қазақтың арқармериносының санының өсу қарқыны едәуір жоғары болып отырғанын да байқауға болады. Ал қазақтың арқармериносы таулы аймақ жайылымдарына жақсы бейімделгендіктен, бұл тұқымның асыл тұқымды қойлары тек Алматы облысының Райымбек және Кеген аудандарының шаруашылықтарында ғана өсірілетінін және олардың санының биязы жүнді бағыттағы басқа тұқымдар қойларының санынан едәуір аз екенін ескерсек, бұл тұқымның жақсы генотиптерін анықтап, көбейтіп, сақтау мәселесінің қазіргі кезде өте өзекті екенін байқауға болады.

Осы тұрғыдан біздің зерттеулер қазіргі кездегі қолда бар қазақтың арқармериносы тұқымды қойларын нормалап азықтандыру арқылы олардың ет және жүн өнімділігі белгілерінің өзгергіштігінің әлеуетін бағалау, ал оның нәтижесімен тұқымның жақсы генотиптерін анықтау әдістерін жетілдіру жұмыстарына арналды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақтың арқармериносы қойларын нормалап азықтандыру арқылы олардың жүн өнімділігі белгілерінің өзгергіштігінің әлеуетін анықтап, бағалау Алматы облысының Райымбек ауданының Қарқара ауылдық округіне қарайтын «Құмтекей» асыл тұқымды шаруашылығында жүргізілді. Отарлардағы қой төлдету мерзімі аяқталған соң, тұқым стандартына сай келетін қойлардан әртүрлі топқа жасы, жынысы бірдей 20 бастан мал топтастырдық. Құрылған топтардағы жануарларды өнімділік белгілері мен қасиеттерінің ұқсастығымен қатар, мүмкін болғанынша, шығу тегі жөнінен де теңестіруге тырыстық. Сонан соң әр топты теңдей екіге бөліп, біріншісін – тәжірибелік топ, екіншісін – бақылау тобы ретінде пайдаландық. Зерттеу жүргізу үшін мамыр айының басында (5-інде), әр топқа мал санын 10 бастан алдық. Бұл кезде таңдап алған жасы, жынысы бірдей мал топтарының тірілей салмағының орташа көрсеткіштері де өзара бірдей болды.

Тәжірибелік топтағы малды норма бойынша азықтандырып, ал бақылау тобындағы малды шаруашылықта қалыптасқан дәстүрлі әдіспен (есепсіз) азықтандырдық. Бұл тәжірибеде малдың жүн өнімділігінің белгілері мамыр айының басынан яғни саулықтарды қырыққаннан кейін келесі жылғы осы мерзімге дейін 12 ай бойы қадағаланды да, ал олардың тірілей салмағының өзгергіштігі тамыз айының басынан яғни саулықтарды қозыларынан бөлгеннен қараша айының басына – күйек алу науқанына дейін 3 ай мерзімде қадағаланды. Тәжірибенің соңында қойлардың тірілей салмағы қараша айының 5-інде өлшеніп, жүн өнімділігінің белгілері келесі жылғы мамыр айының 5-інде зерттеліп, салыстырылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау. Қазақтың арқармериносы қойы өзінің жаратылысында – жайылым малы, көк шөп оның табиғи азығы, оларды жайылымсыз өркендету мүмкін емес. Бұл қойлардың тұмсығы мен ернінің, тістерінің ерекшеліктері оның жайылымға бейімделген мал екендігін дәлелдейді. Тұмсығы ілгері қарай бағытталған сүйір, күрек тістері өткір, еріндері жұқа, икемді, епті, азу тістері қатты азықты ұсатуға жақсы бейімделген. Жер табанынан биіктігі 3-5 сантиметр, тіпті одан да аласа қылтиып шыққан шөпті тістеп жей береді, ал мұндай аласа шөпті басқа мал пайдалана алмайды. Бұл қойлар жерде қалған масақты, тіпті түйірін де, сондай-ақ сояулы шөптер мен бұталардың бұтақтарының жапырақтарын да жеп, басқа мал түлігінің ашығатын жайылымында өзіне қажетті азығын тауып, қорек ете береді.

Сөйте тұра, қойлардың осы айтылған биологиялық ерекшеліктерін – басқа малға қарағанда жайылым шөбінің 1,5-2 есе артық түрлерін жей алатындығын бір жақты түсініп, мұны олардың азыққа көнбістігінің, талғампаз еместігінің белгісі деп біржақты бағалау қате. Керісінше, мұны олардың бүкіл эволюциялық дамуының нәтижесінде қалыптасқан тіршілікке бейімділігінің көрсеткіші ретінде бағалаған дұрыс [2].

Бұл мал азықтың бір түрімен (жайылымнан басқа) ұзақ уақыт азықтандыруға төзе алмайды. Біркелкі азық олардың тәбетін төмендетіп, тіршілік қабілеті мен өнімін, әсіресе жүн өнімінің мөлшері мен сапасын күрт кемітіп жібереді.

Сонымен қатар, бұл қойды жеткіліксіз және сапасыз азықтандырған кезде жүннің өсуі мүлде дерлік тоқталады. Ал организмге түскен қоректі заттар ең алдымен тіршілігіне, өсіп-жетілуіне қажетті үдерістерге жұмсалады да, артылса ғана жүннің өсуіне пайдаланылады. Егер ұзақ уақыт қоректік заттар, әсіресе азот пен фосфор, кальций жетіспесе, организм тіршілік етуі үшін бұл заттардың жетіспеген мөлшерін жүннің құрамынан алып пайдаланады. Нәтижесінде, бұл кезде өскен жүннің сапасы төмен, жүн талшықтары жіңішкеріп, «қырқылжыңданып» кетеді. Мұндай жүн тез үзіледі, төменгі сортқа жатқызылады, әрі бағасы анағұрлым төмен болады.

Сайып келгенде, қой шаруашылығында биязы жүнді немесе жүнді-етті бағыттағы қой тұқымдарын, әсіресе қазақтың арқармериносын өсіргенде, аз ғана уақыт берілген сапасыз азық – жыл бойғы еңбектің жемісті нәтижесін төмендетіп жібереді. Осының өзі, азықтың тұрақты түрде жеткілікті болып тұруының Алматы облысының таулы аудандарындағы қой шаруашылығында айрықша маңызы бар екенін көрсетеді.

Қазақтың арқармериносы қойы ірі қара малға қарағанда азықты нашар қорытады. Мысалы, түрлі шөптің қоспалары мен жүгері дәнінің жармасы және зығыр күнжарасынан құралған рационның құрғақ затында талшықтың мөлшері 15% болғанда, оның қорытылуы 78%-ға жеткен. Ал талшықтың мөлшерін 20%-ға дейін көбейткенде (тәулігіне 100 грамнан сабан қосып) рационның құрғақ затының қорытылуы 71%-ға дейін төмендеген, ал талшықты 23%-ға дейін көбейткенде – 67% болған. Қойға берілген жоңышқаның құрғақ затының қорытылуы, гүлденуінің алғашқы кезеңінде – 64%, ал кеш орылып, жиналғанда – 51% болған. Пішен мен қызылшадан тұратын рационның құрғақ затының қорытылуы 60,3%, ал пішен мен бидай кебегін бергенде – 51,7% болған [3].

Рацион құрамындағы талшықтың көбеюі салдарынан қорытылу коэффициентінің мұндай күрт төмендеп кетуі ірі қарада байқалмайды. Тек жоңышқа шөбін бергенде қой әр 100 кг тірілей салмағына есептегенде 2,1 килограмдай құрғақ зат қабылдайды. Ал әртүрлі азық бергенде (астық тұқымдастар мен бұршақ тұқымдастар шөбі, дән мен қызылша) рациондағы құрғақ заттың желіну мөлшері артып, қойдың әр 100 кг тірілей салмағына есептегенде қабылдайтын құрғақ затының мөлшері 2,3-2,7 кг, кейде тіпті 3 килограмға дейін жетеді.

Ал енді қазақтың арқармериносы қойларының организміне сіңетін қоректік заттардың мөлшерін арттыру үшін, азықтың желінуін көбейтуге тырыспай, қорытылу коэффициентін жоғарылатуға ұмтылу керек. Ол үшін рационға құнарлы, сапалы азықтар енгізу қажет. Буаз және сүтті көп беретін саулықтардың рационында жеңіл еритін көмірсулардың жеткіліксіз болуы эндогендік авитаминоздың дамуына себепкер болатындығы, минералдық заттарының сіңімділігін төмендететіндігі, белоктың пайдалануын кемітетіндігі анықталған.

Соңғы жылдары қазақтың арқармериносы қойларының рациондарын микроэлементтермен, атап айтқанда, кобальтпен қамтамасыз етуге үлкен мән беріле бастады.

Басқа жануарларға қарағанда, азығында кобальттің жетімсіз болуына бұл қойлар төзімсіздеу келеді. Өйткені жүннің өсуіне белоктың, күкірттің және фосфордың үстіне кобальт те керек. Жүннің беріктігі, созылғыштығы, серпімділігі сияқты қасиеттері осы микроэлементке тікелей байланысты. Қой азығында кобальт жеткілікті болса, олардың асқазан, ішек-қарын жолындағы бактерияның мөлшері 1,5-2 есе көбейеді, ал бұл – мал организміндегі клеткалардың пайда болып, жетіле беруіне көмектеседі. Сөйтіп кобальттің әсерімен организмдегі белоктың түзілуі күшейіп, жүн неғұрлым қарқынды өсетін болады.

Қойға қосымша беретін азық түрлерінің ішінде, әсіресе жүгеріде кобальт аз болатынын есте ұстау қажет, осыған орай жүгері сүрлемін пайдаланғанда қой дұрыс азықтандырылмаса жүннің сапасы да нашарлап кетеді. Бір қойға тәулігіне 2,5 миллиграмнан хлорлы кобальт бергенде, қосымша 230 г жүн алынған, әрі оның сапасы да жақсарған.

Қазақтың арқармериносы тұқымының салмағы 55-60 кг тартатын буаз саулығының азық рационында шамамен 1400-1700 г құрғақ зат болуы қажет. Ол жақсы желінетін әртүрлі азықтан құралуға тиіс. Мұндай рационның құнарлығы арта түседі, әрі жақсы қорытылады. Мысалы, бордақыдағы қозылардың рационы астық тұқымдас шөп пен жүгері дәнінен тұрғанда, олар тәулігіне орта есеппен 86 грамнан, ал бұршақ тұқымдас шөп пен жүгері дәні берілген басқа топ – 145 грамнан артық салмақ қосқан.

Қазақтың арқармериносы қойлары әр 1 кг тірілей салмағына 1 жылда азық өлшемінің төмендегідей мөлшерін жұмсайды: сақа қойлар – 10-12 азық өлшемі, алты айға дейінгі қозылар – 4-5 азық өлшемі, бір жасқа дейінгілер – 7-9 азық өлшемі. Бұл қойлар әр 1 кг жүн алу үшін орта есеппен 60 азық өлшемін жұмсайтыны анықталған.

Бір қойға жұмсалатын азықтың жылдық нормасы мен берілетін жем-шөп мөлшері 1 кестеде келтірілген.

1 кесте - Қойға жұмсалатын азықтың жылдық нормасы мен шығыны

Мал тобы	Норма, кг		Берілетін жем-шөп мөлшері, ц								
			Ірі азық				Шырынды азық	Жем азық	Витаминді ұн	Жайылым	
	Азық өлшемі	Қорытылатын протеин	барлығы	соның ішінде						көктемгі, жазғы, күзгі	қысқы
				пішен	сабан	пішендеме					
Қошқарлар	700	80,5	4,0	2,2	0,3	1,5	3,0	2,70	0,50	10,0	2,0
Саулықтар	550	55,0	3,6	2,0	0,4	1,2	2,1	0,55	0,10	13,0	1,9
Тұсақтар	500	50,0	2,7	1,5	0,2	1,0	1,9	0,45	0,05	11,0	1,7
Сақа сектер	420	40,0	2,1	1,6	0,5	-	1,0	0,20	-	12,0	2,5
Ұрғашы тоқтылар	370	38,5	1,9	1,2	0,1	0,6	1,5	0,35	0,04	7,9	1,0
Еркек тоқтылар	440	50,0	2,6	1,5	0,1	1,0	1,2	0,50	0,10	10,5	1,1
Еттік сақа қойлар	77	7,5	1,5	1,1	-	0,4	1,0	0,33	-	-	-
Бордақылаудағы тоқтылар	90	9,0	1,2	0,9	-	0,3	0,5	0,45	-	-	-

Мұнда айта кететін мәселе – ол сапасы жоғары жүнді мол алу үшін қазақтың аркармериносы қойларын жыл бойы жайылымда бағу тиімсіз. Себебі жайылым шөбі (әсіресе қыс айларымен ерте көктем кездерінде) олардың қоректік заттарға деген мұқтаждығын толық қанағаттандыра алмайды, сондықтан жүнінің сапасы күрт төмендеп кетеді. Осыған байланысты, оларды жартылай қолда бағып, жайылымға қосымша үстемелеп жем-шөп беру қажет.

«Құмтекей» АТШ қойларының ішіндегі тәжірибеге пайдаланған мал топтарының ет және жүн өнімділігі белгілерінің өзгергіштігі 2, 3 кестелерде көрсетілген.

2-кестедегі деректерден «Құмтекей» АТШ өсірілетін бақылау тобындағы малды шаруашылықта қалыптасқан дәстүрлі әдіспен (есепсіз) азықтандырғанның өзінде бұл қойлардың күйек алу науқанының алдындағы тірілей салмағы жеткілікті дәрежеде жоғары болатындығын байқауға болады.

2 кесте - Өртүрлі азықтандырылған қойлардың тірілей салмағының өзгергіштігі

Мал тобы	Өртүрлі азықтандырылған топтардағы қойлардың тірілей салмағы							
	Тәжірибелік топ				Бақылау тобы			
	п, бас	$\bar{x} \pm m_x$, кг	σ , кг	C_v , %	п, бас	$\bar{x} \pm m_x$, кг	σ , кг	C_v , %
Қошқарлар	10	90,2 \pm 2,42	7,65	8,5	10	83,2 \pm 2,71	8,57	10,3
Саулықтар	10	64,0 \pm 1,61	5,09	8,0	10	56,0 \pm 1,92	6,07	10,8
Тұсақтар	10	44,9 \pm 1,22	3,85	8,6	10	40,3 \pm 1,33	4,21	10,4

Атап айтқанда бақылау тобындағы қошқарлардың тірілей салмағының орташа көрсеткіші (83,2 кг) тұқым стандартынан 4% жоғары болса, саулықтар және тұсақтардың мұндай көрсеткіштері тұқым стандартынан, тиісінше, 12% және 0,8% жоғары болған. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштердің орташа квадраттық ауытқуы мен вариация коэффициенттері де аса үлкен емес.

3 кесте - Өртүрлі азықтандырылған қойлардан қырқылған жүн салмағының өзгергіштігі

Мал тобы	Өртүрлі азықтандырылған топтардағы қойлардан қырқылған жүн салмағы							
	Тәжірибелік топ				Бақылау тобы			
	п, бас	$\bar{x} \pm m_x$, кг	σ , кг	C_v , %	п, бас	$\bar{x} \pm m_x$, кг	σ , кг	C_v , %
Қошқарлар	10	10,25 \pm 0,433	1,37	13,4	10	8,58 \pm 0,457	1,45	16,8
Саулықтар	10	5,03 \pm 0,470	1,49	29,6	10	4,57 \pm 0,509	1,61	35,2
Тұсақтар	10	4,30 \pm 0,526	1,66	38,6	10	4,03 \pm 0,553	1,75	43,4

Енді осы мал топтарының қатарластарынан құрылған тәжірибелік топтардағы жануарларды 3 ай бойы нормалап азықтандырғанда олардың тірілей салмағы бақылау тобындағылардыкінен де жоғары болатындығы анықталды. Атап айтқанда тәжірибелік топтағы қошқарлардың тірілей салмағының орташа көрсеткіші (90,2 кг) тұқым стандартынан 12,8% жоғары болса, саулықтар және тұсақтардың мұндай көрсеткіштері тұқым стандартынан, тиісінше, 28% және 12,3% жоғары болған.

Ал тәжірибелік топтағы қошқарлардың тірілей салмағының орташа көрсеткіші бақылау тобындағы қошқарлардың тірілей салмағының орташа көрсеткішінен 7 кг немесе 8,4% жоғары ($t_d= 1,93$; $P<0,95$) болса, саулықтар және тұсақтардың мұндай көрсеткіштері бақылау тобындағы қатарластарының тірілей салмағының орташа көрсеткішінен, тиісінше, 8 кг немесе 14,3% ($t_d= 3,2$; $P>0,99$) және 4,6 кг немесе 11,4% ($t_d= 2,56$; $P>0,95$) жоғары болған.

Сонымен қатар, бұл көрсеткіштердің орташа квадраттық ауытқуы мен вариация коэффициенттері бақылау тобындағылардың көрсеткіштерінен де азырақ болған. Ал бұл құбылыстың себебін, өз кезегінде, «нормалап азықтандыру – малдың тірілей салмағының генетикалық әлеуетінің фенотипінде көріну мүмкіндігін молырақ қамтамасыз етеді» деп негіздеуге болады деп ойлаймыз [4].

3 кестедегі әртүрлі азықтандырылған қойлардан қырқылған жүн салмағының өзгергіштігі берілген деректерден «Құмтекей» АТШ өсірілетін бақылау тобындағы малды шаруашылықта қалыптасқан дәстүрлі әдіспен (есепсіз) азықтандырылғанның өзінде бұл қойлардан қырқылған жүн салмағы жеткілікті дәрежеде жоғары болатындығын байқауға болады. Атап айтқанда бақылау тобындағы қошқарлардан қырқылған жүн салмағының орташа көрсеткішінен (8,58 кг) таза жүн шығымы 58% болғандағы таза жүн салмағын анықтасақ (4,98 кг), ол тұқым стандарты деңгейінде болса, саулықтардың (2,65 кг) және тұсақтардың (2,34 кг) мұндай көрсеткіштері тұқым стандартынан, тиісінше, 26,2% және 37,6% жоғары болған. Сонымен қатар, бұл көрсеткіштердің орташа квадраттық ауытқуы мен вариация коэффициенттері қошқарлардыкінен едәуір үлкен.

Ал енді осы мал топтарының қатарластарынан құрылған тәжірибелік топтардағы жануарларды нормалап азықтандырғанда олардың қырқылған жүн салмағы бақылау тобындағылардыкінен де жоғары болатындығы анықталды. Атап айтқанда тәжірибелік топтағы қошқарлардың таза жүн шығымы 58% болғандағы таза жүн салмағының орташа көрсеткіші (5,95 кг) тұқым стандартынан 19,0% жоғары болса, саулықтар (2,92 кг) және тұсақтардың (2,49 кг) мұндай көрсеткіштері тұқым стандартынан, тиісінше, 39,0% және 46,5% жоғары болған.

Тәжірибелік топтағы қошқарлардың қырқылған жүн салмағының орташа көрсеткіші бақылау тобындағы қошқарлардың қырқылған жүн салмағының орташа көрсеткішінен 1,67 кг немесе 19,5% жоғары ($t_d = 2,65$; $P > 0,95$) болса, саулықтар және тұсақтардың мұндай көрсеткіштері бақылау тобындағы қатарластарының қырқылған жүн салмағының орташа көрсеткіштерінен, тиісінше, 0,46 кг немесе 10,1% ($t_d = 0,66$; $P < 0,95$) және 0,27 кг немесе 6,7% ($t_d = 0,35$; $P < 0,95$) жоғары болған.

Сонымен қатар, бұл көрсеткіштердің орташа квадраттық ауытқуы мен вариация коэффициенттері бақылау тобындағылардың көрсеткіштерінен жоғары болған. Ал бұл құбылыстың себебін, өз кезегінде, «нормалап азықтандыру – малдың жүн түсімінің генетикалық әлеуетінің фенотипінде көріну мүмкіндігін молырақ қамтамасыз етеді» деп негіздеуге болады деп ойлаймыз.

Қорытынды. Алматы облысы Райымбек ауданы «Құмтекей» асылтұқымды шаруашылығында өсірілетін қазақтың арқармериносы тұқымды қойларын азықтандыру ерекшеліктерін эксперименттік зерттеу нәтижелері арқылы нормамен азықтандырылған қойлардың тірілей салмағы мен қырқылған жүн салмағы отардағы басқа есепсіз, бірақ еркінше азықтандырылған қатарластарының тірілей салмағы мен қырқылған жүн салмағынан едәуір артық болатыны анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Статистические данные Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан на 01.01.2016 года, на 01.01.2017 года и на 01.01.2018 года. - <http://mgov.kz/>.
2. Бегімбеков Қ.Н. Ақтоғай қойы. - Алматы: Бастау, 2012, - 180 б.
3. Сайлаубек П., Бегембеков Қ.Н. Қазақтың арқармериносы қошқарларын ұрпағының сапасына қарай бағалау нәтижелері. // Жастардың ғылыми көзқарасы: АӨК-гі ізденістер, инновациялар: жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. - Алматы, 2017. – Б. 304-308.
4. Әбдіғали Ж.Ж., Бегімбеков Қ.Н. Қазақтың арқармериносы қойларын азықтандыру ерекшеліктері // Студенттердің аграрлық ғылымды дамытуға қосқан үлесі-2018: студенттердің XXII ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. – Алматы: ҚазҰАУ, 2018. – Б. 303-308.

РЕЗЮМЕ

Результаты данной научно-исследовательской работы посвящена оценке потенциала изменчивости признаков мясной и шерстной продуктивности, разводимые в настоящее время овец породы казахский архаромеринос при нормированном кормлений, совершенствованию методов определения лучших генотипов породы. В статье доказывается что показатели живой массы и настрига шерсти овец породы казахский архаромеринос племенного хозяйства «Құмтекей» Райымбекского района Алматинской области, которые были в опытной группе и

получили нормированное кормление значительно выше, чем показатели живой массы и настрига шерсти животных, которые были в контрольной группе и скармливались без учета и вволю. Например, по главному признаку мясной продуктивности животных – живой массе, показатели баранов контрольной группы (83,2 кг) были на 4% выше, чем стандарт породы, показатели маток и 1,5 летних ярок – соответственно, на 12% и 0,8%, а показатели баранов опытной группы были на 7 кг или 8,4% ($td= 1,93$; $P<0,95$), выше, чем показатели баранов контрольной группы, показатели маток и 1,5 летних ярок – соответственно, на 8 кг или 14,3% ($td= 3,2$; $P>0,99$) и 4,6 кг или 11,4% ($td= 2,56$; $P>0,95$).

RESUME

The results of this research work are devoted to assessing the potential of the variability of signs of meat and wool productivity, currently breeding Kazakh argaromerinos sheep at normalized feedings, and improving methods for determining the best genotypes of the breed. The article proves that indicators of live weight and hair trimmed sheep sheep breed Kazakh Kazakh arharomerinos breeding farm «Emteky» Rayimbek district of Almaty region, who were in the experimental group and received normalized feeding is much higher than the indicators of live weight and hair cut animals that were in the control group and fed without consideration and plenty. For example, based on the main feature of meat productivity of animals - live weight, indicators of rams of the control group (83.2 kg) were 4% higher than the breed standard, indicators of queens and 1.5 year olds bright - respectively, by 12% and 0.8 %, and the rams of the experimental group were 7 kg or 8.4% ($td = 1.93$; $P <0.95$), higher than the rams of the control group, the indicators of queens and 1.5 year olds are bright, respectively 8 kg or 14.3% ($td = 3.2$; $P > 0.99$) and 4.6 kg or 11.4% ($td = 2.56$; $P > 0.95$).

ӘОЖ 636.32/38.082

Бегімбеков Қ.Н.¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Шаугимбаева Н.Н.¹, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

Каташева А.Ч.², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Есенқұлова Ж.², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

¹ «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» КеАҚ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

² Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

«АМАНКЕЛДІ» ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ҚАЗАҚТЫҢ БИЯЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Амангелді» шаруашылығындағы қазақтың биязы жүнді тұқымының қойларын тірілей салмағы бойынша сұрыптап, мақсатты әдістемелік жұптастыру арқылы алынған қозылардың 4,5 айлығындағы ет өнімділігін зерттеу нәтижелері берілген.

Қозылардың ұшасының салмағы 15,5 – 19,55 кг арасында, ұшасының шығымы 46,4 – 49,5%, іш майының салмағы 0,570 – 1,195 кг, іш майының шығымы 1,7% – %, сойыс салмағы 16,070 – 20,745 кг, сойыс шығымы 48,1 – 52,5% арасында ауытқыған және мұнда олардың деңгейі әр топқа жататын қошқарлардың тірілей салмағының, әрі олардан алынған ұрпақтың сояр алдындағы тірілей салмағы деңгейіне тікелей байланысты болатыны анықталды. Қозылардың сұрпы етінің салмағының бір-бірінен айырмашылығы I – II топтар арасында 0,5 кг немесе 3,2%, II – III топтар арасында 1,5 кг немесе 10,7%, III – IV топтар арасында 1,7 кг немесе 13,8%-ға дейін және сүйектерінің салмағының бір-бірінен айырмашылығы I – II топтар арасында 0,15 кг немесе 4,4%, II – III топтар арасында 0,05 кг немесе 1,5%, III – IV топтар арасында 0,15 кг немесе 4,7%-ға дейін бірте-бірте төмендей түсетін үрдіс байқалған.

Түйін сөздер: қазақтың биязы жүнді қойы, тірілей салмағы, ұшасы, сұрпы еті, сүйегі, еттілік коэффициенті.